



**ШЕШІМ**  
17.03.2017 122/17-VI

№

**РЕШЕНИЕ**

Астана қаласы

город Астана

**«Астана қаласы мәслихатының аппараты»  
мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы  
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің  
қызметін бағалау әдістемесін бекіту  
туралы**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
Астана қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акті 20 17 жылғы «14»  
сұрыптама Нормативтік құқықтық актілерді  
мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 1099  
болып енгізілді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңының 33-бабының 5-тармағына және «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2016 жылғы 29 желтоқсандағы №110 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14637 тіркелген), Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Астана қаласы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі бекітілсін.

2. «Астана қаласы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» 2016 жылғы 24 маусымдағы №39/7-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 3 тамызда № 1043 болып тіркелген, 2016 жылғы 6 тамыздағы «Астана ақшамы» газетінің № 90 нөмірінде, 2016 жылғы 6 тамыздағы «Вечерняя Астана» газетінің № 90 нөмірінде жарияланған) Астана қаласы мәслихатының шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы

Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы  
0001436



С. Жүнісов

Ж.Нұрпейсов

*(Handwritten signature)*



Астана қаласы мәслихатының  
шешімімен бекітілген  
17 наурыз 2017 жылғы  
№122/17-VI

**«Астана қаласы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б»  
корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің  
қызметін бағалау әдістемесі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 33-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – «Б» корпусының қызметшілері) қызметін бағалау алгоритмін айқындайды.

2 «Б» корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмыс тиімділігі мен сапасын анықтау үшін жүргізіледі.

3. Бағалау «Б» корпусы қызметшісінің атқаратын лауазымындағы қызметінің нәтижелері бойынша:

1) тоқсан қорытындысы бойынша (тоқсандық бағалау) – бағаланып жатқан жылдағы есептік тоқсаннан кейінгі айдың онынан кешіктірмей (бағалануы оныншы желтоқсаннан кеш емес өткізілетін төртінші тоқсанды қоспағанда);

2) жыл қорытындысы бойынша (жылдық бағалау) – бағаланып жатқан жылдың жиырма бесінші желтоқсанынан кешіктірмей жүргізіледі.

«Б» корпусының қызметшісін бағалау оның нақты лауазымда орналасу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда, сондай-ақ сынақ мерзімі кезеңінде өткізілмейді.

Әлеуметтік демалыстағы немесе еңбекке уақытша қабілетсіздігі кезеңіндегі «Б» корпусының қызметшілерінің бағалауы жұмысқа шыққаннан кейін бес жұмыс күні мерзімінде өтеді.

4. Тоқсандық бағалауды тікелей басшы жүргізеді және «Б» корпусы қызметшісінің лауазымдық міндеттерді орындауын бағалауға негізделеді.

Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес «Б» корпусы қызметшісі тікелей бағынатын тұлға, оның тікелей басшысы болып табылады.

Астана қаласы мәслихатының аппарат басшысының бағалауы мәслихат хатшысымен жүргізіледі.

5. Жылдық бағалау:

1) «Б» корпусы қызметшісінің есептік тоқсандардағы орта бағасынан;

